



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

8. Bonora G.L., Sakenov S.K. (with the collaboration of Sara Zaia) A topographical and stratigraphical periplous around the bronze age settlement of Shagalaly II (Pavlovka), Akmolinsk region, Kazakhstan // Маргулановские чтения – 2014. Материалы международной археологической конференции. – Астана, 2011. - С. 335-340.
9. Сакенов С. К. Станковая керамика из поселения Шагалалы II (К вопросу о культурных связях племен эпохи бронзы Северного Казахстана и Средней Азии) // Диалог культур Евразии в археологии Казахстана. Сборник научных статей, посвященный 90-летию со дня рождения выдающегося археолога К.А. Акишева. – Астана, 2014. – С. 557-567.
10. Исследование памятников бронзового века в Акмолинском Приишимье поселение Шагалалы II// М.К. Хабдулина, Д.Т. Тлеугабулов, Т.В. Брынза, Г.Д. Билялова, П.Ю. Кучеров – Астана: ИПТК «Глобус», 2017. – 92 с., илл.
11. Бобринский А.А. Гончарство Восточной Европы. Источники и методы изучения. - М.: Наука, 1978. - 275 с.
12. Варфоломеев В. В. Керамика суперстратного облика из памятников бегазы-дандыбаевской культуры. Бегазы-дандыбаевская культура Степной Евразии. Сборник научных статей, посвященный 65-летию Ж. Курманкулова – Алматы, 2013. – С. 167-197
13. Ермолаева А. С. Памятники предгорной зоны Казахского Алтая (эпоха бронзы – раннее железо). – Алматы, 2012. – 238с., илл.
14. Зданович С. Я. Керамика саргаринской культуры // Бронзовый век Урало-Иртышского междуречья. - Челябинск, 1984. – С. 79 – 96.
15. Francfort H.-P. How the twins met: Indus and Oxus Bronze Age Civilizations in Eastern Bactria. Shortughai revisited forty years later // Труды Маргианской археологической экспедиции. Том 6. Памяти В.И. Сарианиди / гл. Ред. Н.А. Дубова. – М.: Старый Сад, 2016. – С. 461- 475.

ӘОЖ 902(904)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ КАТАКОМБАЛЫ ЖЕРЛЕУ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Айтбаев Е.Б.

aitbaev.ermek@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, 1 курс магистранты

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Кожакметова Г.К.

Орталық Азия жеріндегі б.з. Імыңжылдығындағы тарихи кезең халықтардың ұлы қоныс аударуы немесе ғұндар кезеңі деген атпен белгілі. Ғұндардың Орта Азияны мекендеген үйсін, қаңлы секілді ірі тайпалармен тығыз қарым-қатынаста болу шығыстан келген көшпелілердің мәдениетін Орта Азия жеріне алып келді. Сол кезеңге катакомбалық және лақытты жерлеу орындары тән. Катакомбалы және лақытты жерлеулі обалар Орта Азия территориясында, атап айтқанда Қырғызстан аумағы, Ферғана, Ташкент, Бұхара территориясы мен Қазақстанның оңтүстігінде кең таралған.

Ғылымда кеңқол мәдениеті атауын алған Орталық Азия территориясындағы катакомбалы, лақытты жерлеу ескерткіштері жүйелі түрде зерттелмеген. Кеңқол типтес ескерткіштердің таралған аумағы, олардың мерзімделуі, сол кезеңдегі этникалық процесстер мәселесі әлі де болса толық шешімін таппаған.

Ең алғаш 1889 жылы фин археологиялық экспедициясының мүшесі Х. Хайкелдің басшылығымен Талас жазығындағы катакомбалы жерлеу орындары зерттеліп, 4 обада қазба

жүргізілді. Алайда, автор қазба барысында табылған заттардың сипаттамасын жасау мен ғана шектелді. Ол ескерткіштің мерзімін анықтау, табылған заттарды салыстырмалы зерттеу, сол кезеңдегі этникалық қатынастар жайлы мәселелерді қарастырмады (Кожомбердиев, 1963, с. 33).

Кең көлемде зерттеу жүргізілген катакомбалы, лақытты обалар Кеңқол қорымы еді. Ол қазіргі Қырғызстан жерінде, Кеңқол өзенінің басталған жерінен Талас өзенінің оңжағалауындағы жазықта орналасқан. Кеңқол өзені өз бастауын Қырғыз Алатауынан алып, шығысқа бағыттала Ова шатқалы арқылы Талас өзеніне құяды. Кеңқол даласы ерте көшпелілер ескерткіштер өте көп шоғырланған алқап. Кеңқол өзені бойындағы Бурдо шатқалында сармат кезеңі зираттары, үйсін кезеңі қорымдары Шу даласы мен Ыстық көлге дейінгі аралықта созыла орналасқан. Кеңқол қорымы жекелеу тұрған тауға жақын жазықта орын тепкен. Бұл тау аңыз бойынша қырғыз халық эпосының қаһарманы – Манас есімімен аталады. Жергілікті халық – Манас-супа тауының солтүстік-шығыс алқабын Қамырдың белі деп атайды.

Қорымдағы обалардың орналасуы жүйесіз болып келген. Бірақ жерлеу орындарының көлемдері біркелкі: диаметрі – 15-20 м, биіктігі – 0,8-1 м. Оба құрылысы негізінен топырақтан үйілген, шеңбер тәріздес. Шығыс жағында орналасқан бірнеше оба ғана бетінде көрініп жатқан тастарымен ерекшеленеді (Бернштам, 1940, с. 20)

1938-1939 жылдары алғаш рет КСРО ҒА Мемлекеттік Эрмитаж мен Қырғыз КСР білім комитетінің А.Н. Бернштамның басқаруындағы экспедициясы Кеңқол обаларында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді. А.Н. Бернштам 60-тан астам обаларды жоспарға түсіріп, 12 обада қазба жұмысын жүргізді. 1940 жылы осы қазба нәтижелері бойынша жазылған Кеңқол қорымы атты еңбегінде А.Н. Бернштам Орта Азия жеріндегі катакомбалы обалардың пайда болуы, ескерткіштердің типологиясы және мерзімделу мәселеріне қатысты алғаш өз тұжырымдарын жасады.

1944-50 жылдар аралығында А.Н. Бернштам Алай жазығы, Ыстық көлдің солтүстігінен, Тянь-Шань алқабынан көптеген лақытты, катакомбалы қорымдарды зерттеді. Осы зерттеулері нәтижесінде ғалым катакомбалық-лақытты жерлеу орындарының типологиясын жасады. 1951 жылы А.Н. Бернштам Ферғана жазығындағы Борқорбаз, Жанғайыл қорымдарын зерттейді.

1953-1955 жылдары Қырғыз кешенді археологиялық-этнографиялық экспедициясының Тянь-Шань археологиялық отряды А.К. Кибировтың жетекшілігімен тоғыз катакомбалы қорымда зерттеу жұмыстарын жүргізді.

1956-1960 жылдары Талас облысында П.Н. Кожемяконың басшылығымен Кеңқол қорымдарында қайта қазба жүргізіліп, жаңадан катакомбалы қорымдар ашылады (Кожомбердиева, 1997, с. 13-15).

1956 жылы Қырғыз КСР ҒА тарих институтының ұйымдастырған археологиялық экспедициясы (жетекшісі – И. Кожомбердиев) Кеңқол қорымында 16 обада қазба жұмыстарын жүргізеді. 1957 жылы жалғасқан археологиялық қазба нәтижесінде 20 оба аршылады. Бұл жерлеу құрылыстарының көпшілігі катакомбалы зираттар болып келеді. Обалардың сыртқы көріністері бірдей. Зерттеу жұмыстары нәтижесінде қыш сынықтары, әшекейлер, сүйектен, ағаштан жасалған тұрмыстық зат қалдықтары, қола айна, темір жебе ұштары т.б. көптеген жәдігерлер табылған. И. Кожомбердиев табылған заттарды жүйелеп, ескерткіштің мерзімі мен мәдени байланыстарына қатысты ойларын баяндады.

Ол Кеңқол зираттарынан табылған материалдарды саралай келе ескерткішті б.з. I – IV ғасырлармен мерзімдеді (Кожомбердиев, 1960, с. 70-75).

Кең көлемдегі катакомбалы-лақытты жерлеу орындарын зерттеп, археологиялық қазба жүргізген И. Кожомбердиев 1958-1960 жылдар аралығында Қырғызстан территориясынан 13 қорымды анықтап, 500-ден аса катакомбалық обаны тіркеді (Кожомбердиева, 1997, с. 14).

Жоғарыда атап өткен зерттеушілердің барлығы кеңқол типтес каткомбалы обаларда зерттеу жұмыстарын негізінен Қырғызстан территориясында жүргізген болатын. Кеңқол типтес

ескерткіштердің мерзімделуі мен пайда болуы жөнінде ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер бар. Яғни, бір тобы Орта Азия территориясындағы катакомбалық-лақытты жерлеу ескерткіштерін жергілікті тайпалар қалдырылған десе, екіншілері, олар б.з 1-ші мыңжылдығында халықтардың қоныс аударуы кезеңіндегі ғұндардың ықпалымен қалыптасқан дейді.

А.Н. Бернштам Кеңқол қорымдарындағы археологиялық зерттеу жұмыстарының және тарихи жазба деректер негізінде катакомбалық ескерткіштерді б.з.б. I ғ. – б.з. II ғ. мерзімдейді. Ол қазба нәтижесінде табылған материалдарды негізге алады: мата мен лак; скиф типіндегі жебелер және ағаш ыдыстар; әшекей заттар мен мыс айылбастар. Яғни, ол Кеңқол ескерткіштерін көшпелі ғұн тайпалырына тиесілі деді (Бернштам, 1940, с. 39).

Ескерткіштің мерзімделуіне қатысты тағы бір пікір айтқан ғалым, белгілі археолог С.С. Сорокин болатын. Ол өзінің О датировке и толковании Кеңкольского могильника деген мақаласында А.Н. Бернштамның ескерткішке берген мерзімдемесіне қарсы бола отырып, өз мерзімдемесін ұсынды. Оның ойынша кеңқол типтес ескерткіштер тікелей ғұндарға тиесілі емес, оларды Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Түркістан жерлерін көнеден мекен еткен жергілікті тайпалар қалдырылған. Табылған керамика және үш қырлы жебе ұштарын, антропологиялық материалдарды негізге алып С.С. Сорокин ескерткішті б.з. II-IV ғасырмен мерзімдейді (Сорокин, 1956, с. 3-14). А.К. Кибиров Тянь-Шан аумағынан табылған археологиялық материалдар негізінде катакомбалық қорымдар қаңлы-сармат тайпаларының ықпалымен пайда болған деген пікірді ұсынады.

А.К. Кибиров ғұндардың келуіне дейін Орта Азия жерін мекен еткен халықтарда бас сүйекті деформациялау ғұрпының, каткомбалық типтегі обалардың бұрыннан-ақ болғандығын айтады. Сондай-ақ, Ю.А. Заднепровский катакомба ескерткіштерін Орта Азияға, оның ішінде Ферғанаға сырттан көшіп келген тайпалар әкелді деген тұжырым жасайды (Кожомбердиева, 1997, с. 15-16).

Д.Ф. Винник 1973 жылы Кетпентөбе жазығында Ничке I, Ничке II қорымында зерттеу жұмыстарын жүргізді.

90-шы жылдардың ортасында Э.И. Кожомбердиева Кеңқол мәдениеті мәселесіне қатысты осыған дейін зерттеген А.Н. Бернштам, А.К. Кибиров, И.К. Кожомбердиевтің археологиялық зерттеулерінің материалдарын пайдалана отырып кеңқол типтес катакомбалы зираттардың таралу аймағын, ескерткіштердің түрлері мен нұсқаларын жіктеді. Сондай ақ, ескерткіштерді б.з. I-V ғғ. мерзімдеп көрсетті (Кожомбердиева, 1997, с. 44-49).

Орта Азия жеріндегі катакомбалы ескерткіштердің пайда болуы жөнінде антропологиялық материалдар негізінде жасалған тұжырымдарды да атап өтуімізге болады. В.В. Гинзбург, Н.Н. Миклашевская кеңқол мәдениетін қалдырған тайпалар жергілікті көшпелілерден ерекшеленген, монголоидық белгілер араласқан, батысқа жылжыған ғұндармен байланысты деген қорытынды жасайды (Кожомбердиева, 1997, с. 16).

Соңғы жылдарда Кеңқол мәдениеті ескерткіштерін бөліп қарастыру мәселесі қозғалуда. Себебі, әлі де зерттеуді қажет ететін кеңқол типтес ескерткіштер Қазақстан территориясында көптеп кездеседі. 1959-1963 жылдары қазба жұмыстары жүргізілген Сырдария өзенінің жағалауы Шардара алқабындағы Шәушіқұм, Төребай-Тұмсық, Жаман-Тоғай, Ақтөбе катакомбалы қорымдары материалдары да Талас аймағы ескерткіштерімен ұқсас екендігі белгілі (Максимова, Мершиев, Вайнберг, Левина, 1968, с. 174-243).

Ғалымдар Сырдарияның орта ағысындағы катакомбалы зираттарды қауыншы мәдениетіне жатқызып, б.з.б. I ғ. – б.з. I мыңжылдықпен мерзімдеген болатын. Оңтүстік Қазақстан жеріндегі, яғни Сырдария өзені алқабы (Ташкент оазисі) мен Отырар оазисіндегі ескерткіштерді зерттеген ғалымдар катакомбалы, лақытты обаларды қаңлы тайпалары қалдырған деп, оны қауыншы, отырар-қаратау, жетіасар археологиялық мәдениеттеріне жіктеп көрсеткен (Қазақстан тарихы, 2010, 278 б.).

Сырдария өзені алқабы мен Талас өзені алқабындағы кеңқол мәдениеті ескерткіштерін салыстырмалы талдау жасап, қайта саралап зерттеу қажет деп ойлаймыз.

Е.А. Смағұлов кейінгі жылдарда Талас (Шоң-қоқпа 1, Қарабура) және Арыс (Бөріжар) өзендері алқаптарындағы катакомбалы және лақытты обаларда археологиялық қазба жұмыстар жүргізді. Нәтижесінде Е.А. Смағұлов Орта Азия территориясындағы бір-біріне жақын мәдениеттер (кеңқол, қауыншы, отырар-қаратау, жетіасар) ескерткіштерін сырдариялық мәдениет деп атауды ұсынып, оларды қаңлылармен байланыстырды (Байпаков, Смағұлов, Ержигитова, 2005, с. 168).

Ғылымда катакомбалы зираттарды құрушылар Орта Азияға шығыстан келген түркі тілдес тайпалар болуы мүмкін деген тұжырымдар жасалған болатын. Кезінде бұл ұстаным жиі бой көрсетті. Қазірге дейін қазақ, өзбек, қырғыз халықтарының арасында лақытты жерлеу дәстүрінің сақталғанын ескерсек, бұл тұжырымдардың шындыққа жанасатынын аңғаруға болатындай.

Кеңқол типтес ескерткіштерінің пайда болу, мерзімделуі мен таралу аймағы әлі де болса басы ашылмаған мәселе ретінде қалуда. Орта Азия мен Қазақстан территориясында археологиялық қазба жұмыстары нәтижесіндегі қолда бар материалдарды қайта қарастыруды қажет деп ойлаймыз. Сырдарияның орта ағысындағы катакомбалы және лақытты обаларда зерттеу жұмыстарының алғашқы тобы өткен ғасырдың алпысыншы жылдарымен шектелді.

Қазір катакомбалы обаларда жаңа зерттеулер жасалуда. Атап айтсақ, А.Н. Подушкин, Е.Ә. Смағұлов, А.А. Ержігітова сынды беделді ғалымдар Оңтүстік Қазақстан өңірінде жаңа деректер тобын қалыптастыруда.

Осы орайда қорытынды ретінде айтып өтетін пікіріміз жалпы кеңқол мәдениеті немесе типі атауларының Қазақстанның қазіргі тарихнамасында қолданылуы жайлы. Бүгінгі ғалымдар бұл атауларды археологиялық номенклатурада қолданбайтын немесе қолданғысы келмейтін сыңай байқалады. Эпонимдік ескерткіш басқа мемлекеттің, яғни Қырғызстанның жерінде орналасқан. Бізде болса, қазір әдебиеттерден көріп отырғанымыздай, катакомбалы жерлеулер термині жеке қалыптасып келеді. Мұны отандық ғалымдарымыз көптеп және тұрақты түрде қолдануда. Осыған қарасақ, катакомбалы жерлеулер бізде кеңқол атауын алмастыратын жаңа атау ретінде айналымға біржолата енуі мүмкін.

Сонымен қатар, бұл арада айналып өтуге болмайтын бір шарт бар тәрізді. Кеңқол мәдениеті, сондай-ақ кеңқол типтес ескерткіштер деген атаулар кезінде ғұндармен байланыстырыла айтылған болатын. Сол жылдардағы жағдайда атаулардың мәні де осында еді. А.Н. Бернштамның жеке тұлғасы мен беделі кеңқол атауын тарихнамалық үлкен деңгейге дереу шығаруға әсер етті. Оңтүстік Қазақстан ауқымында қазір катакомбалы обалар көптеп зерттеліп отыр. Олардың барлығы заттық мәдениет үлгілері бойынша ғұндармен немесе аталмыш территорияда мекен еткен басқа да тайпалармен байланыстырыла ма, осының маңызы бар. Катакомбалы обалардың арасынан немесе жерлеулердің басқадай түрлерінен ғұн әсері бар нысандар дербес ажыратыла ма, олай болған жағдайда олар әлдеқандай бір түрге біріге ала ма, туындап отырған сауалдар осы болса керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Кожомбердиев И.К. Катакомбные памятники Таласской долины // Археологические памятники Таласской долины. – Фр., 1963.
2. Бернштам А. Н. Кенкольский могильник. – Л., 1940
3. Кожомбердиева Э.И. Географическое расположение катакомбно-подбойных могильников Киргизии и учет их особенностей // Древности Евразии. – М., 1997.
4. Кожомбердиев И.К. Новые данные о Кенкольском могильнике // КСИИМК. – 1960. – Вып. 80. – С. 70–75

5. Максимова А.Г., Мерщиев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Древности Чардары. – Алма-Ата, 1968.
6. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. – Алматы, 2010.
7. Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ержигитова А.А. Раннесредневековые некрополи Южного Казахстана. – Алматы, 2005.

ӘОЖ 94(574)

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БИЛЕРДІҢ РӨЛІ

Ақман Шырайлым Жақыпбекқызы

akman.shyrailym@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, 1 курс магистранты

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Жанисов А.Т.

«Өткенін білмеген, болашағын болжай алмас» деген нақыл сөздің астарында зор мағына бар. Туған жер, ана тілі, ата дәстүрі үшін күресіп, қара қазан сары баланың қамы үшін бастарын бәйгеге тіккен бабаларымыздың ерлік жолы туған елін, жерін сүйеге әрдайым үндеп отыратын, бойымызға отансүйгіштік қасиетті орнықтыруға ықпал ететін ұлы ұғым болуы тиіс.

Қазақтың кең жазира даласында негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан ру-тайпалар қоғам ішіндегі сот билігін ақсақалдар, билер мен хан арқылы жүзеге асырып отырған. Хан тайпалар, рулық одақтастар арасындағы өте күрделі де мемлекеттік маңызы бар дау-таластарды, сол секілді кісі өлімін билерді қатыстыра отырып қараса, ал билер қоғамдағы қылмыстық және азаматтық істердің бәрін қараған. Ал ақсақалдар болса ру ішіндегі уақ-түйек тәртіпсіздіктерді шешкен.

Қазақ билері өз қызметінде жергілікті ру мүддесінен халық мүддесін жоғары ұстағаны аян. Сондықтан, «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген сөз, әсіресе билердің моральдық-құқықтық мәртебесіне қойылған талап болса керек. «Әділсіз би оңбас, әйелсіз үй оңбас», «Атаңның құлы айтса да, әділдікке бас ій», «Елге бай құт емес, би құт» деп келетін аталы сөздер әділдіктің құндылық ретінде қаншалықты жоғары екендігінің дәлелі. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп те халқымыз билерге үлкен аманат жүктеген [1, 257 б]. Себебі, би – үнемі көптің назарында, қоғамдық пікірдің бақылауында жүретін адам. Сондықтан, оның өзі де, сөзі де елге өнеге болуы керек деп санаған бабаларымыз ұрпаққа «Жаманнан жасауыл қойсаң еліңді жауға алдырар, наданнан би қойсаң, еліңді дауға қалдырар» деген қанатты сөз қалдырған. Ел аузында сақталған бір әңгімеде мынадай дерек келтірілген: «1740 жылы қалмақ билеушісі Қалдан Цереннің қолшоқпарлары Ұлы жүздің ханы Жолбарысты өлтіреді. Төле би бастаған ел Ташкенттен қуылады. Жау жағы Ташкентке Қоқым манапты әкімдікке тағайындайды. Бұл кезде Сыр бойы қалаларының біразы жоңғарлардың қол астында қалады. Осы тұста Күлтөбенің басында үлкен жиын ашылып, оған ел басылары түгел жиналады. Сонда Қарабек батыр: «Жауға тізе бүгуден басқа амал жоқ» деген пікір айтады. Қарабекке ашуланған Төле би:

«Атадан ұл туса игі,

Ата жолын қуса игі

Өзіне келер ұятын

Өзі біліп тұрса игі

Жаудан бұққан немені

Ортасынан қуса игі» - деп, шырақ бұзғандарды жиыннан қудырып жібереді. [2, 160б]

Демек, Төле Әлібекұлының ой орамын сарапқа салсақ, азаттық өмір – атадан балаға мирас